Филология диссертациялық кеңесіінің 2018 жылғы жұмысы туралы

ЕСЕБІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы (6D020500 – Филология; 6D020700 – Аударма ісі; 6D021000 – Шетел филологиясы, 6D021400 – Әдебиеттану; 6D050400 – Журналистика; 6D011800 – Орыс тілі және әдебиеті) білім мамандықтары бойынша құрылған (PhD) философия докторы дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңесі.

Диссертациялық кеңестің төрағасы филология ғылымдарының докторы, профессор Әбдиманұлы Өмірхан.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының 2016 ж. «31» наурыз № 103 бұйрығымен бекітілген. Диссертациялық кеңеске 6D020500 – Филология; 6D020700 – Аударма ісі; 6D021000 – Шетел филологиясы; 6D021400 – Әдебиеттану; 6D050400 – Журналистика; 6D011800 – Орыс тілі және әдебиеті мамандықтары бойынша диссертация қорғауды қабылдауға рұқсат берілген.

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатысқан кеңес мүшелерінің тегі (фамнлиясы).

1. Диссертациялық кеңесте өткізілген отырыстың саны туралы деректер: 17 қаңтар 2018 ж. 28 қараша 2018 ж. аралығында Диссертациялық кеңестің 8 отырысы болды.

2. Кеңес мәжілісіне филол. ғ.д., профессор Сүлейменова Э.Д. 4, филол. ғ.д., профессор Әбсаттар Д.Б. – 4 рет қалды. Қалған мүшелер толық қатысты.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

1. Афанасьева Алена Сергеевна - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 6D011800 – Орыс тілі және әдебиеті;

2. Таттимбетова Куралай Омирлановна - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 6D011800 – Орыс тілі және әдебиеті;

3. Сәулембек Гүлмира Рзаханқызы - М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті арасындағы бірлескен PhD докторантура бағдарламасы, 6D021400 – Әдебиеттану;

4. Мукушева Құралай Серікқызы - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті - С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің мақсатты жолдамасымен, 6D050400 – Журналистика;

5. Султан Ертай - М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті арасындағы бірлескен PhD докторантура бағдарламасы, 6D021400 – Әдебиеттану;

6. Даутова Гульназ Рахимовна - М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті арасындағы бірлескен PhD докторантура бағдарламасы, 6D021400 – Әдебиеттану;

7. Амангелдиева Гүлмира Аманғелдіқызы - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 6D011800 – Орыс тілі және әдебиеті;

8. Абаған Ақерке Болатбекқызы - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 6D020700 – Аударма ісі.

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есенті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацняларға қысқаша талдау:

Диссертацня тақырыбы өзектілігінің «Ғылыми дәрежелер беру Ережесінің» талантарына сәйкестігі:

1. «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін Сәулембек Гүлмира Рзаханқызының «Қазіргі прозадағы постмодернизм» докторлық диссертация тақырыбы өзектілігінің сәйкестігі.

Диссертация тақырыбы ауқымды әрі өзекті. Мәселен, аталмыш диссертациялық жұмыс шетелдік авторлар шығармаларын салыстыруға негізделген. Әлібек Байбол жазушының шығармашылығы аллегориялық, карнавалдық сипатымен ерекшеленеді. Бұл орыс жазушыларының ішінде В.Пелевин мен В.Сорокин шығармаларындағы аллегориялық сипатпен астасып жатыр. Коркем шығармада мәселені көрсеткенде анималистік сипатта, жан-жануарлар арқылы астарлап беру В.Пелевин шығармаларымен салыстырыла берілді. Ал мәтін тұтастығына жасалған ирония С.Беккет пен Д.Нақынов, А.Жақсылықов шығармаларындағы синтаксистік құрылымның бұзылуы, фонетикалық құрылымның бұзылуы және мәтінде түрлі типографиялық әдістердің пайдаланылуы өзара салыстырылды. Сондай-ақ жұмыста семиотикалық, интертекстуалдық, құрылымдық әдістер қолданған. Мысалы, мәтін ішіндегі сілтемелер көздері анықталған. Келесі сілтемелердің мәтінде қандай тәсілдермен жүзеге асқанын, нақты дәйексоз түрінде ме, авторы көрсетілді ме, плагиат түрінде ме немесе реминисценциялармен, аллюзиялармен жүзеге асты ма осы мәселелерге зерттеу жүргізілген. Интертекстуалдық мәтіндердің мәтіндегі қолданылу мақсатына талдау жасалған. Мәтін тұтастығына жасалған ирония тараушасында Д.Фоккема ұсынған семиотикалық әдіс пайдаланған. Құрылымдық әдіс мәтіндегі метапроза, симулякр әдістерін талдауда қолданылды. Интертекстуалдық байланысты зерттеу өте қызықты тақырып. Әдебиеттегі мәтінаралық байланыстардың даму барысында жаңаша сипат алып, постмодернистік әдебиетте интертекст деп аталатын жаңаша атауға ие болғанымен, өзіне дейінгі категориялардың заңды жалғасы екендігі айқын.

2. Султан Ертайдың «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазіргі романның трансформациясы» диссертациясы тақырыбы өзектілігінің сәйкестігі.

XX-XXI ғасырлар тоғысындағы проза күрделі әрі қызықты көркемдік құбылыс болып табылады. Көптеген бағыттар мен ағымдар, авторлық дүниетанымды беру формалары пайда болды. Заманауи әдебиеттің басты жаңашылдығы жанрлық құбылулардың белең алуында. Мұны әдеби туындының идеялық ой-өзегін барынша терең ашуға, идиостильдік деңгейде қайталанбас көркемдік нақыштар қалыптастыруға, өмірді шынайы кейінкерлердің тағдырлары арқылы мейлінше көркем суреттеуге деген қаламгерлік талпыныспен түсіндіруге болады. Жанр трансформациясының қарқындылығы автор «билігінің» жанрға үстемдік етуімен, тандемдік негізде үстемдіктің қалыптасқан формадан авторға өтуімен, яғни «авторлық жанрдың» пайда болуымен байланысты. Жазушылардың қалыптасқан жанрлық үлгілерді өзгерту және құбылту негізінде жаңа құрылымдар не ішкі формалық топтар пайда болды.

Жаһандану жағдайындағы қазіргі мәдени-интеграциялық үдерістер көркем мәтін құрылымының өзгеруіне, стиль мен ойдың жаңаруына ықпал етуде. Заманауи мәдениет көпқырлылығымен, қарама-қайшылығымен, көп тілділігімен ерекшеленеді. Оның ықпалы жаңа жанрлық формалар мен нұсқалардың пайда болуына алып келді.

Қазіргі әдебиеттің даму барысынан классикалық дәстүрден ауытқу аңғарылады. Бүгінгі күні әртүрлі жанр элементтерін бойына жинаған роман-эссе, роман-мысал, роман-ертегі, роман-сұхбат, роман-симфония, роман-трагедия, роман-сканворд, роман-әуен, роман-би, роман-аңыз және басқа синтездік туындылар дәстүрлі романның орнын басты.

Бүгінгі әлем әдебиетінде және оның ажырамас бөлігі больш табылатьш қазақ әдебиетінде орын алған романның түрлену үдерісін, соның негізінде пайда болған жаңа синтездік формаларды қазіргі романистердің үздік шығармалары неғізінде терең зерделей отырып, қазіргі романның жанр ретіндегі көркемдік әлеуетін айқындау қажеттігі зерттеу жұмысының өзектілігін негіздейді. Сондай-ақ зерттеу жұмысында романның басқа жанрлармен синтезге түсу барысындағы мекеншақ категориясының түрлену сипаты жан-жақты талданды. PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми–зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және тәжірбиелік қолданыста кеңінен қолдану мүмкіндігі зор екендігін меңзейді.

3. Даутова Гульназ Рахимовнаның «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Түркі эпосындағы қорғаушы батыр бейнесі (ғенезис және типология)» диссертация тақырыбы өзектілігінің сәйкестігі.

Жұмыста қорғаушы батыр бейнесі алғаш рет типологиялық аспектіде қарастырылып, эпикалық қаһарманның шығу тегі, қызметі, тарихи даму ерекшеліктері, трансформациясы мен негізгі типтері зерттелген. Архаикалық эпостарда батыр туралы ешнәрсе айтылмайды қай ру, тайпадан шыққаны, көршілері кімдер екені, сонымен қатар батырдың дұшпандары негізінен мифтік кейіпкерлер болады. Архаикалық (көне) эпостарда батыр негізінен өз басының жеке мүддесі, жақындарын қорғайды. Классикалық жырда Алпамыс, Қобыланды батырларда қай рудан шыққаны, олардың көршілері кім болғаны, енді бұл жерде дұшпандары мифтік кейіпкерлер емес өздері секілді тірі адамдар болады. Қызылбастар, қалмақтармен өз елін, жерін, Отанын қорғау мақсатында жауласады. Көне, классикалық эпостарда батыр өзі жалғыз күреседі, сапарға да өзі аттанады. Кейінгі тарихи жырларда батыр мұнда жалғыз өзі күреспейді, оның қол астында әскері болады. Батыр қолбасшы деңгейіне дейін көтеріліп, күресу тактикасын ұйымдастырып, әскерімен бірге жорыққа аттанады. Батыр бейнесінің қоғамдағы болып жатқан оқиғаларға байланысты өзгеріске ұшырап отырғанын және әр кезеңдегі батыр бейнесінде тарихи даму ерекшілігі айқын көрініс табады. Батырлардың типтерге бөлу мәселесіне келсек, көне эпос пен батырлық, яғни қаһармандық эпос материалдарына сүйене отырып, М.Әуезов батыр типтерінің ең көнелері: аңшы батыр мен хан батырдың, ал, кейінерек Ш.Ыбыраев хан батыр, аңшы-мерген батыр, би батыр типтерін анықтайды. Біз өз жұмысымызда осы ғалымдардың концепциясына сүйене отырып, тарихи жыр үлгілерінде «қолбасшы батыр» және «сарбаз» батыр деп жіктеп, батыр бейнесінің жаңа екі типі ұсынылды.

Түркі эпосында эпикалық қаһарман бейнесін жасаудағы көне сюжеттерге ғажайын туылу, тез арада ер жету, батырлық үйлену, түс көру, өз қалыңдығы немесе әйелінің тойына түсу және тағы басқа осы типтес көне сюжеттерді айтып өтуге болады. Мысалы, Алпамыс, Едіге батырлар ғажайып жағдайда дүниеге келеді. Батырдың ғажайын туылуы дегеніміз батыр тілеп алған бала, немесе төтенше жағдайда туылып, ерекше жағдайда дүниеге келетіндігі арқылы жай қарапайым адамдардан өзгешілігі анықталады. Батырлық үйлену сюжеті арқылы батырдың жасаған ерлігі, батырлығы айқын көрінеді. Түс көру мотиві батырдың сапарға шығуына себепші болады. Алпамыс батыр эпосында қалмақ ханы Тайшықтың қаһарланған Алпамысты түсінде көріп, шошын оянатыны бар. Тайшық ханның жайсыз түс көруі басына бір қауіп-қатердің түсетінін сездіреді. Осындай көне сюжеттер арқылы батыр бейнесі толық ашылады.

«Бабалар сөзі» сериясының 52 томына енген «Мұңлық Зарлық», «Құбығыл», «Дотан батыр» көне эпостарының варианттары жоқтың қасы. Ал классикалық, тарихи жырлармыздың мысалға, «Алпамыс батыр» эпосының оннан астам нұсқасы, «Қобыланды батыр» жырының отызға жуық нұсқасы бар. Әр оңірде жырланғандықтан, айтушылар өз қоғамына ыңғайластырын, адам аттарын, жер атауларына өзгертіп жырлайды. Көне эпостарға қарағанда кейін пайда болған батырлық, тарихи жырлардың варианттарының көп болуы олар қағаз бетіне түсіріліп тарай бастайды. Сондықтан олардың нұсқалары осы күнге дейін қолжазба қорларында сақталып келеді.

Фольклортануда жаңа бір қырынан келе жатқан тақырын. Түркі әлемімен астастыра қарап, олардың эпостарындағы батыр бейнесі мен қазақ батырларын салыстырып, өзгешелігі неде, ерекшелігі неде екенін тұжырымдап келе, біздің қызымыз қазақ эпосының күрделілігіне, қазақ эпосының тарихилығына, қазақ эпосының халыққа жақшдығыша ел мен жер мәселесіне қатысы айқындалады.

4. Амангелдиева Гүлмира Амангелдіқызының 6D011800 – Орыс тілі және әдебиеті мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Девиантное употребление прилагательных в русской речи билингвов» диссертация тақырыбы өзектілігінің сәйкестігі.

Қазірде билингвтердің сөйлеуінде нормадан ауытқуы жиі кездеседі. Мұндай түрлі ауытқулар қогамның толеранттық қатынасына байланысты. Нормадан ауытқудың бірі өрескел қателік ретінде анықталып отыр, ал басқа қателер есептелмейтін аздаған ауытқу деп аталады. Сондықтан қате ауқымының шкаласындағы өрескел және өрескел деп саналмайтын қателіктердің көлеміне қарай, қателердің бәрі ауытқу болып есептеледі ме деген сұрақ туындайды, бар. Осы мақсатта автор бейресми және қарапайым әдеттегі түсініктерді теріс деп санамауға мүмкіндік беріп, ауытқу тұжырымдамасын қолданып отыр. Жұмыста, атап айтқанда, сөйлеу тіліне байланысты орыс тілінде сөйлеу ауытқулары қарастырылған.

Коптілділік адамдар арасындағы қарым-қатынас пен интеграциялық мүмкіндіктерді арттырады, ел ішінде де, шетелде де оз білімдерін және дағдыларын қолдана алатын бәсекеге қабілетті тұлғаларды қалыптастырады. «Қазақ тілінде орыс тілін меңгеру деңгейін сақтау» мемлекеттік бағдарламасының бірінші бағыты бойынша орыс тілін оқыту жүйесін одан әрі оқыту, әдістемелік және интеллектуалды қамтамасыз ету шаралары көрсетілген. Осыған орай, орыс тілін оқытудың инновациялық әдістерін енгізу арқылы ұлттық мектептерде орыс тілін оқытудың сапасын арттыру қажет. Студенттердің коммуникативтік, тілдік, лингвистикалық, әдеби, эстетикалық және моральдық құзыреттілігін қальштастыру, әдеби тіл нормаларын меңгеруді қоса алғанда, сондай-ақ сөйлеу жағдайларының барлық түрлерінде тілдің барынша тиімді пайдаланылуы мұғалімдердің өз алдына қойған күрделі міндет болып табылады.

Билингвтердің сын есімді қолдануда әр түрлі типтердегі нормадан ауытқуын зерттеудің маңыздылығы болып табылады. Көбіне заттың мағынасын түсіндірудің қосымша құралы болып табылатындықтан, эрратологиядағы сын есімдерге аз көңіл бөлінген. Дегенмен, сын есімнің детерминативті функциясы когнитивтік, стилистикалық, экспрессивтік тапсырмаларды жүзеге асыру үшін және олардың мағынасын айқындау үшін өте маңызды. Қолданылған сын есімдерді талдау барысында семантикалық та, формалды да аспектілер қаралуы тиіс. Өз кезегінде, девиация мәселесі тек соңғы жылдары ғана қызығушылықпен зерттеле бастады. Оның маңыздылығын әр түрлі тілдегі материалдар ықпалынан пайда болған эритажды корпустар куәландырады. Сонымен қатар, жұмыстың өзектілігі зерттеудің полипарадигмалдығының әр түрлі аспектілермен ұштасуына байланысты. Автор – тіл білімінің парадигмасындағы түпкілікті өзгерісті, яғни оның лингвопедагогикалық саладан әлеуметтік-мәдени, когнитивті-коммуникативті салаға ауысуын айта кетуге негіз бар деп, әсіресе оның билингвалды және өгей тілде сөйлеу мәселесін талдауда маңызы зор деп санайды.

5. Абаған Ақерке Болатбекқызының «6D020700 – Аударма ісі» мамандығы бойынша «Корей фразеологизмдерін қазақ тіліне аударудың лингвомәдени қыры (корей фильмдерін аудару тәжірибесінен)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына өзектілігінің сәйкестігі.

Заман талабына сай инновациялық технологиялардың қарыштап дамуына сәйкес кино халықты рухани жағынан дамытудың күшті құралы болын отыр. Дүниежүзі халықтарының мәдени қарым-қатынас жасауында да кино басты құрал ретінде пайдаланып келеді. Осыған байланысты ғылымда киноаударма ұғымы қалыптасты. Кино – тәрбие беретін көркемдік-эстетикалық құрал болумен қатар, өзге елдің мәдениетін тіл арқылы насихаттап отырған құрал, мәдениетаралық тілдік коммуникацияның бір түрі. Киноаударма вербалды және визуалды коммуникацияның синтезінен құралған аударманың түрі болғандықтан, оның бірізділігін орнату қажет. Осыған орай киноаударма мәселесінің ғылыми-теориялық ерекшеліктерін қамтитын зерттеу жүргізу қажеттілігі туындайды.

Ақпаратты дыбыстық (аудио) және бейне (видео) қатарлар көмегімен жеткізетін киноаудармада лингвистикалықпен бірге техникалық мәселелер де жиі кездесетіндіктен оны әлі күнге дейін жете зерттелмеген аударма түрінің біріне жатқызуға болады. Дегенмен ағылшын және орыс тілді аударматанушылардың зерттеуінде киноаударма мәселесі XX ғасырдың орта шенінен бастап қарастырылып келеді.

Зерттеу жұмысы қазақ-корей киноаударамаларының теориялық мәселелерін кешенді қарастырған алғашқы зерттеу болғандықтан, киноаудармаларындағы фразеологизмдерді аударудың жолдарын қарастырмас бұрын, киноаударма үдерісін, киноаударма дискурсын, т.б. өзекті мәселелерді де қамтыған. Кинодискурсын сөз еткенде кино атаулары да зерттеуден тыс қала алмайды. Сондықтан алғашқылардың бір болып кино атауларын аудару жолдары ұсынылды.

Қазақстандағы киноаударманы ғылыми тұрғыдан әсіресе өз тәжірбиесіне сүйене отырып жүргізілген зерттеу әлі күнге дейін қолға алынбаған. Ал киноаударма барысында жиі кездесетін фразеологизмдер көрініс Әр тілдегі фразеологизмдерді зерттеу арқылы сол елдің мәдениетімен танысуға мүмкіндік туады. Зерттеу жұмысында киноаудармадағы фразеологизмдердің қолдану ерекшеліктері айқындалады. Себебі фразеологизмдер ұлт құндылығын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін маңызды тілдік бірліктер болып табылады. Сонау ерте заманнан халықтың тіліне сіңіп кеткен фразеологизмдер сол халықтың ертеден келе жатқан өмірінің сырын бойына жасырған бірлік. Осыған орай, тіл қазынасы ретінде мойындалған көкейге қонымды, бейнелі, алуан түрлі тұрақты тіркестерді, олардың танымдық табиғатын, мәдени сипатын тіл біліміндегі жаңа бағыттар аясында зерттеу өзекті мәселенің бірі болып табылады.

5. Рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Рецензенттер зерттеліп отырған проблемалардың өзектілігін және қазақстандық ғылымның стратегиялық міндеттеріне бағытталғандығын атайды. Қазіргі заманғы ұлттық деңгейдеді мәселелермен қатар, жаһандану кезеңіндегі маңызды проблемаларды шешуге арналған кепілдемелерді атап көрсетті. Рецензенттер қазіргі қазақ прозасындағы постмодернизм мен интертекстуалдық байланысты; романның трансформациясы мен қазақ әдебиетінде орын алған романның түрлену үдерісін; түркі эпосындағы қорғаушы батыр бейнесі мен қазақ эпосын; билингвтердің сөйлеу нормалары мен ауытқуларын; киноаударманың көркемдік-эстетикалық және мәдениетаралық тілдік коммуникация құралы ретінде зерттеудің өзектілігін ерекше атады. Бұл еңбектер әдебиеттану, аударма ісі және орыс тілі мен әдебиетіндегі теориялық базасын нығаюы мен практикалық қолданысы артуына дәлел.

Сондай-ақ рецензенттер қазіргі орыстілді қазақ прозасындағы үй архетипін зерттеу барысында хронологиялық баяндаудан гөрі, ағымдар, бағыттарды баяндау жиі кездесетінін, түркі әлемі картинасы элементтерінен аталмыш архетипті талдауға ұмтылыс жасалғандығын ескертеді. Қазақ көсемсөзін зерттеудегі ұлттық дүниетаным тұрғысында «Дала» концептісі ұғымына басымдық берілгені аталды.

Рецензияланған жұмыстарда дисстерациялық зерттеу мазмұнына қатысты ескертпелер болмады. Кей жұмыстарға терминологиялық және стильдік жағынан ескертулер аталды.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Қазақстанның инновациялық дамуында халықаралық стандарт талаптарына сәйкес келетін жоғары білікті ғылым кадрларыш дайындауда бірнеше ұсыныстарды атап өтсек. Әлемдік ғылыми кеңістікте қазақстандық ғылымның дамуы мен ғылыми мектептердің қалыптасуы, білікті мамандар мен ғалымдар даярлау саналады. Осынау оң үрдістермен қатар, PhD докторанттардың жаңа буынын даярлауда проблемалар да кездеседі.

1. Докторанттардың ғылыми жарияланымдары белсендігін арттыруы механизмдерін жетілдіру;
2. Ғылыми мамандар даярлауда пәнаралық бағыттардың басымдықтарына мән беру;
3. Докторантураға оқуға қабылдаудың талаптарын жетілудіру және күшейту;
4. Пәнаралық зерттеу жұмыстарының қолданбалы сипатын арттыру мақсатында мерзімін ұзарту;
5. Ізденушінің ғылыми нәтижелерін қорғауға монография не автореферат түрінде ұсынуды міндеттеу;

6. Ғылыми зерттеу жұмыстары тақырыптары өзектілігін үш тілділік туралы мемлекеттік бағдарлама аясында орындалуын бақылау;

7. Ғылыми-зерттеу нәтижелерін жариялауда World Scientific, Wiley InterScience, TAYLOR & FRANCIS , Springer базаларын қосу.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесіне ізденушілердің қаралған диссертациялары туралы деректер.

	6D020500 – Филология	6D020700 – Аударма ісі	6D021000 – Шетел филологиясы	6D021400 – Әдебиеттану	6D050400 – Журналистика	6D011800 – Орыс тілі және әдебиеті
Қараудан алынып тасталған диссертациялар	-	-	-	-	-	-
Оның ішінде диссертациялық кеңестің алып тастағандары	-	-	-	-	-	-
Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-	-	-	-	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша оң нәтиже алғандары	-	-	-	3	-	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-	-	3 (бірлескен бағдарлама)	-	1
Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары	-	-	-	-	1 (өз еркімен қайтарып алды)	2 (өз еріктерімен қайтарып алды)
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-	-	-	-	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	-	1	-	3	1	3
Оның ішінде басқа оқу орындарынан				3 (бірлескен бағдарлама)		

Диссертациялық кеңестің төрағасы
филология ғылымдарының докторы,
профессор Ө.Әбдиманұлы

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы, саяси
ғылымдарының докторы, профессор Г.С. Сұлтанбаева

Мөр

Күні, айы, жылы

Өткізілген қорғаулар туралы **сандық ақпарат** 2 кестеде беріледі.

2 кесте

	Дискеңес, мамандық	Барлық қорғау-лар	С.і. грант бойынша	С.і. 2017 жылы бітірген-дер	Ағылыш н тілінде откен қорғау-лар	Қазақ тілінде өткен қорғау-лар	Шетел азаматтары ның қорғаулары
	6D020500 – Филология						
	6D020700 – Аударма ісі	1	1	-	-	1	-
	6D021000 – Шетел филологиясы						
	6D021400 – Әдебиеттану	3	3	3	-	3	-
	6D050400 – Журналистика	1	1	1	-	1	-
	6D011800 – Орыс тілі және әдебиеті)	3	3	3	-		